

МРНТИ 15.81.21

10.51889/2959-5967.2024.80.3.020

А.С. Нуржигитов¹, Ф.Ә. Сахиева,² Ж.К. Аксакалова², Қ.Ә. Ибрагим^{3*}

¹М.О.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент қаласы, Қазақстан.

²Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қаласы, Қазақстан.

³Шымкент университеті, Шымкент қаласы, Қазақстан.

ҮЛКЕН ЖЕТІЛІК (G7) ЕЛДЕРІНДЕГІ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ ЗАМАНАУИ ӘДІСТЕРІН ОРТА БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНА ЕНДІРУДІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аннотация

Мақалада Үлкен жетілік (G7) елдеріндегі психологиялық қызметтің заманауи әдіс-тәсілдерін орта білім беру ұйымдарына ендіру барысында кездесуі мүмкін кейбір мәселелерді анықтау жұмыстарының маңыздылығы мен барысы қозғалған. Мақала мазмұнында зерттеу тақырыбының бүгінгі уақыттағы өзектілігіне тоқтала отырып, тақырыптың әдіснамалық негіздеріне назар аударылады. Оның ішінде осы білім саласындағы салыстырмалы зерттеулердің, шығу тарихынан бастап, «Салыстырмалы педагогика» ұғымын ғылымға алғаш енгізген ғалым аталып көрсетілген. Салыстырмалы зерттеулердің үш кезеңі және тарихи дамуы сипатталған. Алғашқы кезеңді он сегіз бен он тоғызыншы ғасырдың арасы деп нұсқай отырып, сол уақытта салыстырмалы зерттеулердің білім сапасын арттыратындығына сенгендігін көрсетеді. Екінші кезең мақалада жиырмасыншы ғасырмен байланысты қарастырылған. Осы уақытта салыстырмалы зерттеулердің тақырыбымен тікелей байланыста конференция өткендігі баян етіледі. Сонымен қатар осы кезеңде өмір сүрген ғалымдардың еңбектеріне де тоқталып өтеді. Осы тарихи деректерді келтіру барысында Фридрих Паульсенмен сол уақытта өмір сүрген Джон Дьюидің еңбектеріне ерекше тоқталып жоғары баға берілген. Осылай лек – легімен көтерілген тарихи деректер біздің уақытымызға дейінгі аралықты суреттейді. Бүгінгі уақыттағы белгілі ғалымдар оның ішінде Г.Нурғалиева, А. Жетписбаева, К. Кусаинов Ю. Мусин, Г. Наби, З. Урастаева, М.Кенесарина, Б.Есева, Р. Туружанова, Н. Анарбек еңбектерінің жоғары бағаланатындығын айтып өткен.

Мақалада көзделген мақсат бойынша, Үлкен жетілік (G7) елдеріндегі психологиялық қызметтің заманауи әдіс-тәсілдерін орта білім беру ұйымдарына ендіру барысында кездесуі мүмкін кейбір мәселелерді анықтау қажеттілігімен байланысты зерттеу әдістері даярланып, эксперименттік жолмен жүзеге асырылған. Сондай-ақ эксперимент барысында алынған нәтижелер арқылы Үлкен жетілік (G7) елдеріндегі психологиялық қызметтің заманауи әдіс-тәсілдерін орта білім беру ұйымдарына ендіру барысында кездесуі мүмкін мәселелер мен қиындықтардың қатары белгіленіп шешу жолдары ұсынылған.

Түйін сөздер: психология; қызмет; әдіс, тәсіл; орта білім беру; ұйым; инновация; тәжірибе.

Нуржигитов А.С.¹, Сахиева Ф.А.¹, Аксакалова Ж.К.², Ибрагим К.А.^{3*}

¹Южно-Казахстанский университет им. М.Ауэзова, Шымкент, Казахстан.

²Казахский национальный педагогический университет им. Абая, Алматы, Казахстан.

³Шымкентский университет, Шымкент, Казахстан.

НЕКОТОРЫЕ ПРОБЛЕМЫ ВНЕДРЕНИЯ СОВРЕМЕННЫХ МЕТОДОВ ПСИХОЛОГИЧЕСКОЙ СЛУЖБЫ В ОРГАНИЗАЦИЯХ СРЕДНЕГО ОБРАЗОВАНИЯ В СТРАНАХ БОЛЬШОЙ СЕМЕРКИ (G7)

Аннотация

В статье говорится о важности и ходе работы по выявлению некоторых проблем, с которыми можно столкнуться при внедрении современных методов психологической помощи в странах «Большой семерки». В содержании статьи, акцентируя внимание на актуальности темы исследования на сегодняшний день, уделено внимание методологическим основам темы. Среди них упоминается ученый, впервые из истории компаративистики в этой области образования введший в науку понятие «Сравнительная педагогика». Описаны три этапа и историческое развитие сравнительных исследований. Указывая, что первый период приходится на восемнадцатый и девятнадцатый века, он показывает, что в то время считалось, что сравнительные исследования повышают качество образования. В статье рассматривается второй период в связи с XX веком. На этот раз сообщается, что конференция прошла в прямой связи с темой сравнительных исследований. Одновременно будут обсуждаться труды ученых, живших в этот период. При изложении этих исторических данных высокую оценку получили работы Джона Дьюи, жившего в одно время с Фридрихом Паульсеном. Таким образом, исторические данные, постепенно собираемые, описывают период до нашего времени. Известные сегодня учёные, в том числе Г. Нурғалиева, А. Жетписбаева, К. Кусаинов Ю. Мусин, Г. Наби, З. Урастаева, М.Кенесарина, Б. Есеева, Р. Туружанова, Н. Анарбек отметил, что его работы высоко оценены.

Согласно цели статьи были подготовлены и экспериментально реализованы методы исследования, связанные с необходимостью выявления некоторых проблем, с которыми можно столкнуться при внедрении современных методов оказания психологической помощи в странах «Большой семерки» в организациях среднего образования. Также с использованием результатов, полученных в ходе эксперимента, выявлен ряд проблем и трудностей, с которыми можно столкнуться при внедрении современных методов оказания психологической помощи в странах «Большой семерки» в организациях среднего образования и предложены пути их решения.

Ключевые слова: психология; услуга; метод, подход; среднее образование; организация; инновации; опыт;

Nurzhigitov A. S.,¹ Sakhiyeva F. A.,¹ Axakalova Zh.K.,² Ibragim K.^{3}*

¹*South - Kazakhstan State University named after M. O. Auezov, Shymkent, Kazakhstan*

²*Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan.*

³*Shymkent University, Shymkent, Kazakhstan*

SOME PROBLEM OF IMPLEMENTATION OF MODERN METHODS OF PSYCHOLOGICAL SERVICE IN ORGANIZATIONS OF SECONDARY EDUCATION IN COUNTRIES LARGE WORKSHOP (G7)

Abstract

The article deals with the importance and progress of work to identify some problems that may be encountered during the implementation of modern methods of psychological services in the G7 countries. In the content of the article, focusing on the relevance of the research topic today, attention is paid to the methodological foundations of the topic. Among them, the scientist who first introduced the concept of "Comparative pedagogy" into science, from the history of comparative studies in this field of education, is mentioned. Three stages and historical development of comparative studies are described. Pointing out that the first period is between the eighteenth and nineteenth centuries, it shows that at that time comparative studies were believed to increase the quality of education. The article deals with the second period in connection with the twentieth century. At this time, it is reported that the conference was held in direct connection with the topic of comparative research. At the same time, the works of scientists who lived in this period will be discussed. During the presentation of these historical data, the works of John Dewey, who lived at the same time as Friedrich Paulsen, were highly appreciated. In this way, the historical data, gradually raised, describe the period up to our time. Today's well-known

scientists, including G. Nurgalieva, A. Zhetpisbaeva, K. Kusainov Yu. Musin, G. Nabi, Z. Urastaeva, M. Kenesarina, B. Eseeva, R. Turuzhanova, N. Anarbek said that his works are highly appreciated.

According to the purpose of the article, research methods related to the need to identify some problems that may be encountered during the introduction of modern methods of psychological services in the G7 countries to secondary education organizations were prepared and implemented experimentally. Also, using the results obtained during the experiment, a number of problems and difficulties that may be encountered during the introduction of modern methods of psychological services in the G7 countries into secondary education organizations are identified and solutions are proposed.

Keywords: psychology; service; method, approach; secondary education; organization; innovation; experience.

КІРІСПЕ. Бүгінгі уақыттағы жаһандық қарқынды даму барысы, осы өзгермелі ортаға жылдам бейімделіп, өз мақсатын жүзеге асыра алатын тұлғаны қалыптастыруды негізгі мақсат ретінде алғы шепке шығып, назар аударуға мәжбүрлейді. Болашақ ел іргесіне тұтқа болар ұрпақты тәрбиелеп отырған жалпы орта білім мен тәрбие беретін ұйымдарда, аталмыш мәселенің оң шешім табуына ықпал ететін басты фактор, бұл психологиялық қызмет. Себебі, психолог бір тұтас педагогикалық процесс нәтижелерін анықтап, оған дұрыс бағдар берумен қатар, тіптен оқушылармен тікелей қарым-қатынасқа шығып, түрлі психологиялық қызмет көрсете отырып, баланың тұлғалық қалыптасуында маңызды рөл атқарады. Осы мәселемен байланысты Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Білім туралы № 319 Заңында аталған, білім берумен байланысты саласындағы уәкілеттілік берілген ұйымның құзыреті ретінде аталатын, 5 бабының құрамдас бөлігін түзетін 16-1 тармағында нұсқалған, бір қатар шешімдер ұсынылған. Аталғандардың арасында балаларға және жасөспірімдерге, олардың психикалық денсаулығын назарда ұстап. Осы бағытта зерттеу жұмыстарын жүргізе асыра отырып, қажеттілігіне орай педагогикалық, психологиялық, медициналық кеңес және көмек беру жұмыстарымен қамту қажеттілігімен байланысты ұсынылымға ерекше тоқталуға болады. Бұл өз кезегінде орта білім беру саласындағы психологиялық қызметтің маңыздылығының көрсеткішін арттыра түседі[1].

Қандай да бір саланы дамыту үшін зерттеу жұмыстары қажет ақ. Ал оның ішінде салыстырмалы зерттеулердің орыны ерекше деп айтсақ артық болмайды. Бүгінгі күнде салыстырмалы зерттеулерге ерекше зерделеу жүргізіліп, оның ішінде білім беру мен тәрбие жүйесін жоспарлау жөніндегі болжамдар мен ұсынымдарға әрқилы ой-пікірлер айтылып жүр. Өзге де көптеген шет аймақтағы елдердің жоғарғы білім беру саласында салыстырмалы зерттеу және оны білім беру саласында ендірумен байланысты арнайы пәндерді оқыту басты міндеттердің бірі болып есептеледі, сонымен қатар осы бағытта маман даярлау жұмыстары да белсенді қолға алынуда. Салыстырмалы зерттеулерді білім және өзге де салаларда жиі қолданатын елдер саны артып келеді.

Бұл үрдіс біздің елімізде де қарқынды даму үстінде. Әсіресе, бұл бір тұтас педагогикалық үрдістің барысында ерекше көрініс беріп жатыр. Мысалы ретінде айқындап кетер болсақ. Бүгінде белгілі бір осы саланы зерттеушілер ғана емес. Сонымен қатар мектеп педагогтары, педагог-психологтар мен ата-аналарда мұны маңызды деп есептеп, назар аударып отыр. Білім мен тәрбие саласындағы салыстырмалы зерттеулер бойынша қазіргі уақытта кандидаттық және докторлық диссертациялар қорғалған. Оларға жүргізілген зерттеулер бұл жұмыстардың көбінесе бір тұтас педагогикалық үрдіспен байланысты және елтанушылық, баяндау, суреттеу сипатында екендігін көрсетеді. Бұл дегеніміз, салыстырмалы зерттеулердің бір тұтас педагогикалық үрдістің аясында жүріп жатқандығын көрсетеді. Ал осы мектептегі педагогикалық жұмыстардың тиімділігіне тікелей ықпал етіп тиімділігін арттыруға себеп болатын психологиялық қызметті шет қалып отыр. Міне осы мәселені көтеру қажеттілігі мақала тақырыбын «Үлкен

жетілік (G7) елдеріндегі психологиялық қызметтің заманауи әдіс-тәсілдерін орта білім беру ұйымдарына ендірудің кейбір мәселелері» деп таңдап, белгілеуімізге ықпал етті.

Зерттеу жұмысының мақсаты: Үлкен жетіліктің құрамындағы мемлекеттердің орта білім беру саласындағы білім және тәрбие беру жұмыстары барысында қолданыс тауып жатқан заманауи технологиялар мен әдіс-тәсілдерді және инновацияларды психологиялық қызметтің мазмұнына ендіру барысында кездесуі мүмкін кейбір мәселелердің қатарын анықтау.

Зерттеу жұмысының маңыздылығы: Үлкен жетілік (G7) елдеріндегі психологиялық қызметтің заманауи әдіс-тәсілдерін орта білім беру ұйымдарына ендіру барысында кездесуі мүмкін кейбір қиындықтарды анықтаудың маңыздылығы. Осы жұмысты ұйымдастыру барысында кездесуі мүмкін қиындықтардың алдын-алу шараларын қабылдауға мүмкіндік береді. Бұл жаңа әдістерді енгізуге байланысты тәуекелдерді азайтуға және оқыс жағдайларды болдырмауға ықпал жасайды. Келесі кезекте, қызметкерлер, материалдық ресурстар, қажетті құрал жабдықтар секілді өзге де ресурстарды дұрыс, тең бөліп жоспарлауға сонымен қатар бөлуге көмегі тиеді. Өзге мемлекеттерде білім мен тәрбие беру ұйымдарында жасалған психологиялық жұмыстарды ұйымдастыру саласындағы инновациялық әдіс мен тәсілдер жергілікті жердегі, қалыптасқан жағдайларға сәйкес келуі қиын. Жаңашылдықты мектепте психологиялық жұмыстардың мазмұнына ендірумен байланысты қиындықтарды алдын-ала анықтау. Осы саладағы инновацияларды жергілікті мемлекет аумағында не болмаса облыстың аймақтық ерекшелігіне, мәдени, әлеуметтік және экономикалық жағдайларына бейімдеуге көмектеседі. Осы аталғанды қоса алғанда эксперимент ұйымдастырылып жаңа жер жағдайында ұсынылып отырған инновацияларды бейімдеу жұмыстарын оңтайлы іске асыруға мүмкіндік береді. Бұл жағдай тәжірибелік жұмыстарға қатысушылардың көзделген мақсатқа тиімді қол жеткізу үшін қандай білімдер мен біліктердің қажеттілігін анықтап, осы бағытта нақтыландырылған іс-шараларды жоспарлап, іске асырудың тиімді жолын көрсетеді. Жалпы алғанда кез-келген инновацияларды іске қосу жағдайында көптеген қиындықтар күтіп тұратындығы анық. Осыған себеп болатын факторларды анықтап алу. Стратегиялық тұрғыда дайындық жасап, осы инновацияның іске асуына мүдделі адамдар тобын ортақ іске белсенді жұмылдыруға мүмкіндік береді.

ЗЕРТТЕУ МАТЕРИАЛДАРЫ ЖӘНЕ ӘДІСТЕРІ. Салыстырмалы зерттеулердің білім беру саласына жаңашылдық ендіруде өзіндік маңызды орыны бар. Бұған өз кезегінде бір қатар тарихи деректерді алға тарта отырып, мысал келтіруге болады. Осы орайда зерттеу тақырыбымыздың методологиялық өткен ізін қарастырып өткенді жөн санап отырмыз. Сонымен білім беру ісіндегі салыстырмалы зерттеулердің алғашқы кезеңі XVIII мен XIX ғасырларға тиесілі. «Салыстырмалы педагогика» ұғымын ең алғашқы рет ғылымда 1775-1848 жылдар аралығында өмір сүрген Париждік М. А. Жюльен қолданды. Ол салыстырмалы зерттеулердің құрылымы мен салыстырмалы зерттеулерді ұйымдастыру, іске асыруда маңызды болып саналатын ескертпелері ұсынылған, өзінің еңбегінде. Франция мен Швейцария арасындағы 4-сынып деңгейіндегі оқушылармен жүргізілетін оқу-тәрбие жұмыстарының ерекшеліктерін зерделеген болатын. Жюльен оқу-тәрбие жұмыстарында оң нәтижеге қол жеткізу үшін, өзгелермен тәжірибе алмасып, салыстырмалы зерттеулер негізінде инновацияны қабылдап, озық үлгідегі әдіс-тәсілдерді сіңіру арқылы. Мектептегі оқушылар арасындағы ұйымдастырылатын психологиялық жұмыстарды жетілдірудің жаңа мүмкіндіктеріне жол ашады. Еуропа құрлығында орналасқан мемлекеттердің өз ішіндегі осы саладағы ортақ жетістіктің де басты факторы ретінде қарастырады [2].

Негізінде педагогикада А. Жюльенді салыстырмалы зерттеулердің атасына балап жатады. Осыдан кейінгі екі ғасырлық қарқынды өсуден кейін, әлемдік дамудың алғы шарттары білім беру саласында көптеген өзгерістер мен шешілуі қажет жаңа міндеттерді алып келді. Бұл осы салаға басқаша қарап жаңа сұрақтарды қою қажеттілігін тудырып отыр[3].

Білім беру саласындағы зерттеулердің келесі үрдісі XX ғасырмен тұспа-тұс келді және «Институционализация» деп аталды. XX ғасырдың басында салыстырмалы педагогика ресми түрде ғылыми пән ретінде қалыптаса бастады. Бұл кезеңде Америкалық педагог Джон Дьюи

және неміс педагогы Фридрих Паульсен секілді ғалымдар білім беру жүйелерін салыстыра отырып, олардың артықшылықтары мен кемшіліктерін талдады. 1920-1930 жылдары салыстырмалы педагогика бойынша алғашқы халықаралық конференциялар өткізіліп, бұл пәннің әлемдік деңгейде танылуы артты. Салыстырмалы педагогиканың институционализациялануы ғалымдардың халықаралық ынтымақтастығын нығайтып, білім беру жүйелерін тереңірек зерттеуге мүмкіндік берді.

XX ғасырдың бірінші жартысындағы уақыт педагогиканың салыстырмалы зерттеулер саласында үлкен еңбектер мен туындыларды алып келді. Осылардың қатарында Эрвина Х. Эпштейннің басшылығымен Солтүстік Америка Құрама Штаттарында педагогиканың салыстырмалы саласымен байланысты еңбек еткен ғалымдар жөнінде туындысын атап өтсек болады. Эрвин Х. Эпштейн өзінің зерттеулерін XX ғасырдың өмір сүрген Америка жеріндегі компаративист ғалымдардың жұмыстарын зерделеп, педагогика ғылымына қосқан үлестерін үлестері жөнінде баян етті. Еңбек теориямен нақты тәжірибені, тарихи әдіснаманы байланыстыра отырып, сол кезеңдердегі салыстырмалы педагогикалық зерттеулермен айналысқан ғалымдардың еңбектеріне кеңінен тоқталады.

Осы секілді жұмыстар европаның бір қатар елдері оның ішінде Польшада да қарқынды дамыды. Польшадағы салыстырмалы педагогика саласындағы зерттеулердің басталуы Марк-Антуан Жюльеннің қызметімен байланысты қарастырылады. Польшада салыстырмалы педагогика саласындағы жан-жақты зерттеулер XX ғасырдың кіл барысында тоқтаусыз жүріп отырды. Поляк ғалымдары XIX бастап осы саланы зерттеуді бастаған болса. Бұл тақырып бүгінгі күнде де өз маңызын жоғалта қойған жоқ. [4].

1945-1980 жылдар арасын педагогика ғылымында салыстырмалы зерттеулердің қарқынды дамуының екінші кезеңі ретінде қарастырса болады. Мұның себебі соғыстан кейінгі жылдардағы қарқынды жүрген зерттеулер болатын. Мұны тіпті соғыс жылдарынан кейін құрылған ЮНЕСКО қолдай отырып, халқаралық деңгейдегі зерттеулерге, ақпараттар мен дерек көздерді таратуға көмек көрсетті. Осы XX ғасырдың 50-60 жылдар аралығында дамыған мемлекеттер мен дамушы елдердің арасында білім мен тәрбие беру жұмыстарымен байланысты зерттеу жұмыстары қарқынды жүрді. бұл кезең жан-жақты, кәсіби және кешенді зерттеулердің жүруімен ерекшеленді және дәл осы уақытта деректер алғаш рет статистикалық әдістің көмегімен талдауға түсті. педагогика саласындағы салыстырмалы зерттеу жұмыстарының дамуы XX ғасырдың екінші жартысында жаңа әдіс-тәсілдер мен технологиялардың пайда болып, қолданысқа шығуына түрткі болды.

Бүгінгі таңда салыстырмалы зерттеулер білім беру саласындағы ірі-ірі халықаралық деңгейдегі реформаларға, жоспарларға, заңдар мен стандарттарға, жаһандану барысына ерекше басымдықпен назарын аударып отыр. Себебі білім беру саясатының бағыт-бағдарын айқындауда салыстырмалы зерттеулер маңызды рөл атқарады.

Шындығында мемлекет пен ондағы экономика және қоғам үшін салыстырмалы педагогиканың маңызы артып отыр. Білім беру ісі әрбір мемлекет үшін басты қызмет болып табылады. Мемлекет жастарды тәрбиелеп, базалық білім мен білік, дағдыларын қалыптастыру үшін бағдарламалар даярлауға, осы бағдарламаны оқытып, үйрету үшін педагогтерге мемлекеттен қаржы бөледі. Бұлардың көпшілігі саяси сипатта іске асады.

Демек, тәрбие мен білім беру жұмыстарының барысында мемлекеттің ұстанған саясаты анық көрініп отырады дегенді білдіреді. Қазіргі уақыттағы білім берудің мазмұны адамзаттың даму тарихының барысында әлеуметтік жағдаймен қалыптасқан рөлдер арқылы жинақталған. Білім алушылардың ақылы не мемлекеттік грант жағдайында білім алып жатқанына қарамастан ұсынылатын білім мен тәрбие жұмыстарының мазмұнын мемлекет айқындап отырады [5].

Жалпы алғанда білім беру сапасын арттыру мақсатындағы саласындағы салыстырмалы зерттеу жұмыстары бүгінде назардан тыс қалып отырған жоқ. Олардың бір қатарына тоқталатын болсақ, нақты педагогикалық іс-тәжірибелер мен педагогикалық жүйелер мәселесі Нургалиева Г.К., Құсайынов А.Қ., Мусин Қ.С., Наби Ы.А., Урастаева Г.Д., Кенесарина З., Есеева М.Т.,

Тұрысжанова Р.К., Жетпісбаева Б.А., Анарбек Н., Кулбекова Б.Р., Тілеужанова Г.К., Қалиева А., Сүлейменова О. Я. және т.б. ғалымдардың зерттеу жұмыстарының мазмұнында кеңінен қарастырылып өткен. Педагогиканың салыстырмалы зерттеулер саласы Б.Л. Вульфсон, З.А. Малькова, Н.Д. Никандров, А.Н. Джурицкий секілді зерттеушілер жан-жақты кеңінен талқыға салған [6].

Жалпылай алғанда, педагогика саласындағы салыстырмалы зерттеулер тәрбие мен білім беру жұмыстарын оңтайлы, тиімді, нәтижелі етіп ұйымдастыруды іске асыру мақсатында тоқтаусыз әрекет ету үстінде. Алынған оң нәтижелер де жоқ емес. Зерттеу жұмыстарының барысында ғалымдардың қол жеткізген табысы. Бүгінгі уақытта бір тұтас педагогикалық үрдістің тиімділігін арттырып ғана қойған жоқ. Осымен қоса алғанда педагогика саласындағы халықаралық деңгейдегі ынтымақтастықтың өркен жайып дамуына да сеп болуда. Салыстырмалы педагогика қазіргі кезеңде де өзектілігін жоғалтпай, білім беру жүйелерінің тиімділігін арттыру мақсатында жаңа әдістемелер мен тәсілдерді енгізуде маңызды рөл атқарып келеді. Дей тұрғанымен орта білім беру саласында психологиялық қызмет көрсетуді салыстырмалы зерттеулерді пайдаға асыру арқылы заманауи әдіс-тәсілдерді ендірудің мүмкіндіктері мен қажеттілігі байқалып отыр.

Біз жоғарыда қарастырып өткен зерттеу тақырыбының аясындағы методологиялық жұмыстарды зерделеу жұмыстары арқылы. Көптеген ақпараттарды, атап тоқталар болсақ зерттеу тақырыбының айналасындағы тарихи деректер көздер, белгілі бір нормалар, заңдар қатары, ережелер бастапқы ақпарат ретінде жинақталған болса. Тақырыппен тікелей байланысты диссертация, оқу құралдары мен оқулықтар, монографиялар, лекциялар қатары жинақтау мақсатында зерттеу жұмыстары жүргізілді. Ақпараттар интернет желісінен, кітапхана қорларынан, тақырыппен тікелей байланысты журналдар мен ғылыми-тәжірибелік зерттеулерінің нәтижелері жарияланған конференция жинақтарынан іздестіріп. Алынған дерек көздерін бағалау және сұрыптау және талдау, түсіндіру, сипаттау, қорытындылау әдістерін қолдана отырып талдаған болсақ. Зерттеу жұмысында алға тартылған нақты іске жүзеге асыру үшін сауалнама әдісін қолдануды жөн деп тауып, төмендегідей ұсындық (Кесте 1).


Кесте 1 – Мектеп ұжымына арналып ұсынылған сауалнама

Сауалнаманың ұйымдастырылу мақсаты	Үлкен жетіліктің құрамындағы мемлекеттердің орта білім беру саласындағы білім және тәрбие беру жұмыстары барысында қолданыс тауып жатқан заманауи технологиялар мен әдіс-тәсілдерді және инновацияларды психологиялық қызметтің мазмұнына ендіру барысында кездесуі мүмкін кейбір мәселелердің қатарын анықтау;
Кіріспе сөз	Саламатсыздарма сауалнамаға қатысушылар! Ұсынылған сұрақтарға жауап беріп, ой-пікірлеріңізбен бөлісуіңізді сұранамыз.
Ескерту	1. Сауалнама жұмыстарының іске асырылу барысы ашық емес; 2. Сауалнамаға қатысушының аты-жөні не болмаса өзгеде деректер көрсетілмейді; 3. Болашақ үшін сіздің, ой-пікіріңізбен бөлісуіңіз маңызды; 4. Ұсыныстарыңыз ескеріліп, назарға алынатын болады; 5. Сіздердің тараптарыңыздан толыққанда жауап күтеміз;
<i>Сауалнамаға қатысып, белсенділік танытқандарыңызға алдын-ала алғыс білдіреміз !!!</i>	
№	СҰРАҚТАР МЕН ЖАУАПТАР ҚАТАРЫ
1) Білім және тәрбие беру саласындағы жаңашылдықпен байланысты іс-әрекеттер жүйесін қалай түсіндіресіз?	
А)	Нақты тәжірибе жағдайында іске асырылып дәлелденген. Тәрбие мен білім беру жұмыстарының тиімділігіне ықпалы бар заманауи әдіс-тәсілдер мен технологиялармен танысып, қолданып, тәжірибеден өткізіп қойасалмай, дамытуға үлес қосу;
Ә)	Педагогтың тәрбие мен білім беру ісінде бүгінгі уақыттағы жаңа әдіс-тәсілдерге қатысты жалпылама хабарының болуы;
Б)	Педагогтың тәрбие мен білім беру ісінде бүгінгі уақыттағы жаңа әдіс-тәсілдерді қолданыс деңгейінде меңгеруі;

В)	Педагогтың мектеп жағдайында әр-уақыт жаңашылдықты басшылыққа алып отыруы;
Г)	Белгілі бір көрсеткіш деңгейде дамытып, жетілдірілген тәрбие мен білім берудің әдістері мен тәсілдері, технологиялары;
Д)	Білім және тәрбие беру жағдайында күрделілігі әр-түрлі қиындықтардың қанағаттанарлықтай ғана болсада шешімін таба алатын жаңа идеялар қатары;
2) Мектеп жағдайында балалармен ұйымдастырылатын психологиялық жұмыстарға жаңашылдық не болмаса инновацияларды ендіру қажет деп ойлайсыз ба!	
А)	Оқушылар арасында ұйымдастырылатын психологиялық жұмыстар тәрбиелеу мен оқыту үрдісінің негізгі тіректерінің бірі. Оны уақыт ағысынан қалмай жетілдіріп отыру. Саланың дамуына елеулі ықпал әкеледі;
Ә)	Оқу-тәрбие жұмысының барысы мен соңғы нәтижесі үшін пайдалы
Б)	Оқушылардың мінез-құлықтары мен мен ақыл – ойын қалыптастыру жұмыстарына ғана тиімділігін арттырады;
В)	Тек бүгінгі уақыттағы әлеуметтік ортада өзін ыңғайлы сезінуге дайындайды;
Г)	Ешқандай қажеті жоқ, себебі, онымен айналысатын арнайы орындар бар. Біз дайын нұсқаулықтармен жұмыс атқарамыз;
Д)	Еш бір қажеттілік туындапмайды, мұның себебі мектептегі психологиялық жұмыстар ұйымдастырылатын тәрбие жұмыстарынан және сабақтан тыс жүргізіледі;
Ж)	Инновация мен жаңашылдық бұл педагогиканың салыстырмалы зерттеулер саласына ғана тән. Мектепте ұйымдастырылып жүрген психологиялық жұмыстар үшін қажеттілік болып есептелмейді;
3) Әріптестеріңізбен, басшылық тарапы сіздің кәсіби іс-әрекетіңіздегі жаңашылдыққа қандай көзқараста;	
А)	Үнемі әр-қилы жолмен қолдап, көмек береді;
Ә)	Жаңашылдықты мақұлдайды, алайда, көмек көрсетпейді, ынталандырмайды ;
Б)	Ешбір ойға алмайды;
В)	Жаңашылдықты мақұлдамайды, қарсылық көрсетпейді;
Г)	Әріптестерім менің қызметімдегі жаңашылдықпен байланысты (қызығушылығыма) іс-әрекеттеріме алаңдаушылықпен қарайды ;
Д)	Тікелей міндетімізді тиімді атқару барысына жаңашылдықтың тигізетін кері әсері көп деп санайды;
Ж)	Инновациялық жұмыстарды қолдамайды, қарсы пікір танытады;
4) Мектепте оқу-тәрбие жұмыстарымен байланысты және басқада мақсатта ұсынылып, ендіріліп жатқан инновациялық жұмыстарды назарға алып отырсыз ба? Қаншалықты қолдау көрсетесіз? Жаңашыл педагогтармен байланысыңызды қалай сипаттайсыз?	
А)	Жаңашыл топтың іс-әрекетін бақылауда ұстап, осы іске белсенді араласамын;
Ә)	Жаңашыл топтың іс-әрекетін бақылауда ұстаймын, жаңашылдықтармен танысып жүремін. Қажеттілік орын алғанда қолданамын;
Б)	Жаңашыл топтың іс-әрекетін бақылауда ұстамаймын. Іске асып жатқан жаңашылдықтармен таныс болу міндетті деп есептемеймін;
5) Мектеп жағдайында психологиялық жұмыстарды ұйымдастыруда түрлі жаңашыл бастамаларды назарға алып. Тиімді пайдаға асыруда мектеп ұжымының бірін-бірі қолдап, тығыз байланыста болуы қаншалықты маңызды?	
А)	Өте маңызды! Себебі уақытпен қалыптасқан өзгерістердің талаптарын қанағаттандырып отыру қажет ақ;
Ә)	Ұжымда іске асып жатқан шараларды көпшіліктен қалмай назарда ұстау, қатысу негізгі қажеттіліктердің бірі;
Б)	Аса жоғары маңызды емес! Себебі психологиялық жұмыстар жаңашылдықты қажет етпейді;
В)	Бұл зерделеуді қажет етеді. Мұндай жаңашылдықтарда нақты іске қарғанда, насихаттау жұмыстары, бос сөз басым келеді;
6) Өз қызметіңізбен байланысты іс-әрекетіңізді жаңашылдықпен ұйымдастыруда не оған қандай да бір инновацияларды ендіру де қиындық тудыруы мүмкін себеп-салдарларға (факторларды) 1 мен 5 бал арасындағы көрсеткішпен баға беріңіз:	

А)	Ендірілгелі жатқан жаңашылдықтың нәтижелі іске асуына басшылық тарапынан болатын сенімсіздік;	
Ә)	Қандайда бір себеппен байланысты ұсынылған жаңашылдықтың ұжым тарапынан қолдау таппауы;	
Б)	Ендірілгелі жатқан жаңашылдықтың ортақ мақсатты іске асыруда оңтайлы шешім болатындығына ұжымның сенбеуі;	
В)	Жаңашылдықты іске асыру үшін қажетті білік, білім мен дағдылардың ұжымда болмауы. Ұжым мүшелерінің ұсынылған инновацияны іске асыруға қажетті талапқа сай келмеуі;	
Г)	Жаңашылдықты іске асыру үшін қажетті техника, өзгеде құрал – жабдықтардың жеткіліксіздігі;	

НӘТИЖЕЛЕРДІ ТАЛҚЫЛАУ. Зерттеу жұмысының нақты тәжірибе барысында сауалнама әдісі іске асырылды. Зерттеу барысындағы тәжірибе жұмыстарына 271 мектеп педагогтары және осы салада еңбек етіп жүрген қызметкерлер шақырылды. Сауалнама барысы қатысушылардың 100-ден 78% «Нақты тәжірибе жағдайында іске асырылып дәлелденген. Тәрбие мен білім беру жұмыстарының тиімділігіне ықпалы бар заманауи әдіс-тәсілдер мен технологиялармен танысып, қолданып, тәжірибеден өткізіп қоя салмай, дамытуға үлес қосу» деп жауап беріп. Жаңашылдық ұғымын дұрыс, әрі жан-жақты түсінік бере алатындығын көрсетті. Зерттеушілердің 12% бөлігі «Педагогтың тәрбие мен білім беру ісінде бүгінгі уақыттағы жаңа әдіс-тәсілдерге қатысты жалпылама хабарының болуы» деп жауап беріп. Жалпылама көзқарасының қалыптасқандығын көрсеткен болса. 7% қатысушы «Педагогтың тәрбие мен білім беру ісінде бүгінгі уақыттағы жаңа әдіс-тәсілдерді қолданыс деңгейінде меңгеруі» деп жауап берген. Респонденттердің 3 пайызын жинақтаған қатысушылар «Білім және тәрбие беру жағдайында күрделілігі әр-түрлі қиындықтардың қанағаттанарлықтай ғана болсада шешімін таба алатын жаңа идеялар қатары» деп атап өткен. Бұл педагогикалық ұжымның жаңашылдық, инновация ұғымдарынан хабарының бар екендігін көрсеткенімен. Осы бағыттағы ақпараттандыру, түсіндіру, насихаттау және дамыту жұмыстарының қажеттігі бар екендігінен хабар береді. Бұл үшін ұжымның жаңашыл мүшелері осыған әрекет жасауға итермелейтін факторлар тудыра отырып, белгілі бір жұмыстың түрлерін іске асыру қажет (Сурет 1).



Берілген жауаптың шартты белгілері

- 1) Нақты тәжірибе жағдайында іске асырылып дәлелденген. Тәрбие мен білім беру жұмыстарының тиімділігіне ықпалы бар заманауи әдіс-тәсілдер мен технологиялармен танысып, қолданып, тәжірибеден өткізіп қойасалмай, дамытуға үлес қосу- 78%
- 2) Педагогтың тәрбие мен білім беру ісінде бүгінгі уақыттағы жаңа әдіс-тәсілдерге қатысты жалпылама хабарының болуы - 12%
- 3) Педагогтың тәрбие мен білім беру ісінде бүгінгі уақыттағы жаңа әдіс-тәсілдерді қолданыс деңгейінде меңгеруі - 7%
- 4) Білім және тәрбие беру жағдайында күрделілігі әр-түрлі қиындықтардың қанағаттанарлықтай ғана болсада шешімін таба алатын жаңа идеялар қатары - 3%

Сурет 1. Білім және тәрбие беру саласындағы жаңашылдықпен байланысты іс-әрекеттер жүйесін қалай түсіндіресіз?



Зерттеу жұмыстарының мазмұнында анықталғандай сауалнамаға қатысушы топтың басым бөлігі жаңашылдық ұғымына кеңінен түсінік бере алатындығын. Оны қолдану арқылы педагогикалық үрдістің тиімді тұстарын жан-жақты етуге жол аша алатындығын түсінетіндігін көруге болады. Дегенменде сауалнама нәтижесі инновация сонымен қатар жаңашылдық тақырыптарымен, педагогикалық ортаға жаңа әдіс-тәсілдерді едірумен бірге ақпараттандыру жұмыстарының қажеттілігін сипаттайды. Жер бетіндегі жекелеген әр-бір адам үшін таным үрдісі сана және бей сана деңгейінде тоқтаусыз қозғалыста болып, жүріп отырады. Мұны біз ақпараттану не ақпараттандыру деп сипаттай отырып, біліммен байланыстырсақ. Білім алу іс-әрекетін адам өмірінің ажырамас бір бөлігін құрайтын үрдіс деген қорытынды жасауға болады.

Бұл мектептегі психологиялық қызметті ұйымдастыруға да қатысты. Себебі ...бүгінгі уақытта ...психологиялық жаңа білім мен дағдыларды жылдам меңгеру бұдан алдын ешқашан, еш жерде болмағандай қажеттілікке айналып отыр [7].

Қазіргі өмірдегі әлеуметтік-экономикалық өзгерістер, жаһандану, құндылықтардың өзгеруі, жаңа білім беру реформаларының енгізілуі елеулі өзгерістерді қажет етеді. Ал бұл тікелей ақпараттандыру жұмыстары арқылы іске асып отырады [8].

Біздің зерттеу жұмысымыздың негізгі мақсаты Үлкен жетілік (G7) елдеріндегі психологиялық қызметтің заманауи әдіс-тәсілдерін орта білім беру ұйымдарына ендіру жұмыстары барысында кездесуі мүмкін кейбір мәселелерді анықтау болғандықтан. Сауалнама да осы мәселеге қатысты бір қатар сұрақтар қаралған болатын.

Сауал нәтижесіне тоқталып өтер болсақ. «Мектеп жағдайында балалармен ұйымдастырылатын психологиялық жұмыстарға жаңашылдық не болмаса инновацияларды ендіру қажет деп ойлайсыз ба!»?,- деген сұраққа зерттелушілердің 17% «Оқушылар арасында ұйымдастырылатын психологиялық жұмыстар тәрбиелеу мен оқыту үрдісінің негізгі тіректерінің бірі. Оны уақыт ағысынан қалмай жетілдіріп отыру. Саланың дамуына елеулі ықпал әкеледі» деген болса. 26% аса мән бермей «Инновация мен жаңашылдық бұл педагогиканың салыстырмалы зерттеулер саласынаға тән. Мектепте ұйымдастырылып жүрген психологиялық жұмыстар үшін қажеттілік болып есептелмейді» деп жауап берді. зерттелушілердің тағы 21% пайызы ешқандай қажеті жоқ. Себебі, онымен айналысатын арнайы орындар бар, біз дайын нұсқаулықтармен жұмыс атқарамыз деген болса. 27% «Ешқандай қажеті жоқ. Себебі, педагогикалық үрдіс пен психологиялық қызмет өз алдына жеке-жеке әрекет етеді» деп көрсетті. Зерттелушілердің 9% психологиялық жұмыс тек бүгінгі уақыттағы әлеуметтік ортада өзін ыңғайлы сезінуге дайындайды деген болатын (Сурет 2).



Берілген жауаптың шартты белгілері

Оқушылар арасында ұйымдастырылатын психологиялық жұмыстар тәрбиелеу мен оқыту үрдісінің негізгі тіректерінің бірі. Оны уақыт ағысынан қалмай жетілдіріп отыру. Саланың дамуына елеулі ықпал әкеледі 17%

Инновация мен жаңашылдық бұл педагогиканың салыстырмалы зерттеулер саласынаға тән. Мектепте ұйымдастырылып жүрген психологиялық жұмыстар үшін қажеттілік болып есептелмейді 26%

Ешқандай қажеті жоқ. Себебі, онымен айналысатын арнайы орындар бар. Біз дайын нұсқаулықтармен жұмыс атқарамыз 21%


Ешқандай қажеті жоқ. Себебі, педагогикалық үрдіс пен психологиялық қызмет өз алдына жеке-жеке әрекет етеді 27%

Психологиялық жұмыс тек бүгінгі уақыттағы әлеуметтік ортада өзін ыңғайлы 9% сезінуге дайындайды

Сурет 2. «Мектеп жағдайында балалармен ұйымдастырылатын психологиялық жұмыстарға жаңашылдық не болмаса инновацияларды ендіру қажет деп ойлайсыз ба?»

Қазіргі уақыттағы мектепте психологиялық жұмыстарды ұйымдастыру жағдайында өзекті болып отырған инновациялық әдіс-тәсілдерді ендіру кезек күттірмес мәселелердің бірі болып отыр. Шындығында да психологиялық қызмет тек психологке керек жеке шаруа емес, себебі, ол біртұтас педагогикалық үрдістің тиімділігіне елеулі ықпал етеді. Ондағы жұмыстардың нәтижелері мектеп басшысынан бастап, сынып жетекшісі, пән мұғалімдері де қолданады. Сондай-ақ қажетті жерінде тікелей осы жұмыстың сапалы іске асуына белсенділік танытып, шын ықыластары мен көзқарастарын білдірулері қажет. Ал керісінше жағдайда, психологиялық қызметтің уақыттың талаптарына қол жеткізе алмай, жалпы жұмыс нәтижесінің әлсіреуіне алып келетіні сөзсіз. Мұның өзі оқу-тәрбие үрдісінің барысына ықпалын тигізіп, оқушылардың тәрбиесінің төмен тартып, білімінің нашарлауына, ынтасын азайтып, ерік-жігеріне теріс ықпал жасап, дамуына кедергі болады. Аталған жағдай ұжымдағы қарым-қатынасқа да теріс ықпал етеді. Бұл ортақ іске, бірігіп күш салып отырған ұжым үшін де қиын жағдай. Біздің сауалнамамыздың келесі қатары «Әріптестеріңіздің арасында және басшылықтың, сіздің кәсіби іс-әрекетіңіздегі жаңашылдыққа қатысты көзқарасын қалай сипаттаған болар едіңіз» деген сұрақпен толыққан болатын. Бұл жерде де алынған жауаптардың негізінде, айқын мәселенің бар екендігін байқауға болады. Сауалнамдан өтушілердің бар болғаны 11% ғана үнемі әр-қилы жолмен қолдап, көмек береді деп көрсеткен болса, Зерттеу жұмыстарына қатысқандардың 49% пайызы жаңашылдықтарды мақұл көргенімен, көмек көрсетуге құлық танытпайтындығын көрсеткен. Сауалнама жүргізілген 28% пайыз зерттелуші инновациялық жұмыстарды бағалап, мақұл көрмейтіндігін, алайда бұл іске кедергі жасамайтындығын көрсеткен. ұйымдастырылған сауалнамаға қатысқан өзге 5% пайызы «Тікелей міндетімізді тиімді атқару барысына жаңашылдықтың тигізетін кері әсері көп» деп ерекше атап көрсеткен. 12% пайыз қатысушы «Инновациялық жұмыстарды қолдамайды, қарсы пікір танытады» деп есептейді, (Сурет 3).

Психологиялық инновацияны ендіру, ұжымдағы ынтымақтастық, құндылық көңіл-күйге де байланысты. Ондағы жекелеген адамдардың психологиялық жаңашылдықтың негізін құрайтын құндылықтарға қарсылығы, бірқатар кедергі алып келуі әбден мүмкін [9].



Берілген жауаптың шартты белгілері


1. Үнемі әр-қилы жолмен қолдап, көмек береді 11%
2. Жаңашылдықты мақұлдайды, алайда, көмек көрсетпейді, ынталандырмайды 49%
3. Жаңашылдықты мақұлдамайды, қарсылық көрсетпейді 28%
4. Тікелей міндетімізді тиімді атқару барысына жаңашылдықтың тигізетін кері әсері көп деп санайды 5%
5. Инновациялық жұмыстарды қолдамайды, қарсы пікір танытады 12%

Сурет 3. Сіз қызмет атқарып жүрген ортада, басшылар мен педагогикалық ұжымның жаңашылдыққа қатысты көзқарасын қалай сипаттаған болар едіңіз

Білім мен тәрбие беру мекемелеріндегі психологиялық жұмыстар оқу және тәрбие процессінің тиімділігін арттыру үшін ғана керек емес. Педагогикалық ұжым, оның бірлігі мен

рухани дамуында үшін де маңызды. Осы себепті бүгінде осы салада елеулі табыстыққа жетіп жатқан Үлкен жетілік құрамына кіретін мемлекеттерде іске асып жатқан жаңашылдықтарды осы жұмысқа ендіру маңызды болып саналады.


Алайда бұл жұмысты жоспарлауға дейін, осы жұмысты іске асыру барысында туындауы мүмкін қандай да бір мәселелерді анықтап, алдын-алу шараларын даярлауды қажет етеді. Бұл зерттеу жұмысымыздағы келесі сауалнамаға тоқталуымызға негіз болып отыр. Сауал «Мектепте оқу-тәрбие жұмыстарымен байланысты және басқада мақсатта ұсынылып және ендіріліп жатқан инновациялық жұмыстарды назарға алып отырасыз ба? Қаншалықты қолдау көрсетесіз? Жаңашыл педагогтармен байланысыңызды қалай сипаттайсыз?» деп ұсынылды. Зерттелушілердің 62%-ы бұған қажеттіліктің туындауымен әрекет ететіндігін атап көрсеткен болса, 27%-ы ғана күнделікті назарда ұстайтындығын көрсетеді. Респонденттердің 11%-ы ешбір байланыс жасамайтындығын көрсетіп жауап берген, (Сурет 4).



Сурет 4. Мектепте оқу-тәрбие жұмыстарымен байланысты және басқада мақсатта ұсынылып және ендіріліп жатқан инновациялық жұмыстарды назарға алып отырасыз ба? Қаншалықты қолдау көрсетесіз? Жаңашыл педагогтармен байланысыңызды қалай сипаттайсыз?

Сауалнама жұмыстары барысында ұжымның көзқарасы мен қатынасының кез келген жаңа бастамасының нәтижелі іске асуында маңызды екендігін ескере отырып, біз психологиялық қызмет көрсету жұмысындағы жаңашыл бастамаларға ұжымның көзқарасы мен қатынасын анықтау мақсатында «Мектеп жағдайында психологиялық жұмыстарды ұйымдастыруда түрлі жаңашыл бастамаларды назарға алып. Тиімді пайдаға асыруда мектеп ұжымының бірін-бірі қолдап, тығыз байланыста болуы қаншалықты маңызды?» деген сұрақты ұсынған болатынбыз, бұл сауалдың айналасында зерттелушілер төмендегідей жауап берді. Тоқталып кетер болсақ. Респонденттердің 71%-ы бұл мәселеге түбегейлі, жан-жақты талдау қажет деп есептейтіндігін көрсеткен. Себебін, мұндай істе жәй көз бояушылық басым, іске қарағанда сөз көп болып келеді дегенмен түсіндіреді. 13% сауалнамаға қатысушы»жалпылай алғанда маңызды деп саналады,- деген болса. Эксперименттен өтушілердің 9%-ы маңызды деп есептемеген. Респонденттердің 7%-ы маңызды деп көрсетеді, (Сурет 5).

Зерттеу жұмыстарының барысында Психологиялық қызметке заманауи әдіс-тәсілдерді ендіру барысына техникалық қамтамасыз ету, әріптестердің қолдауында маңызды деп есепке ала отырып. Мына төмендегі сұрақты ұсынған болатынбыз.




Берілген жауаптың шартты белгілері

1	1. Мен бұл мәселеге түбегейлі, жан-жақты талдау қажет деп есептеймін	71%
2	2. Жалпылай алғанда маңызды деп санаймын	13%
3	3. Маңызды деп есептемеймін	9%
4	4. Маңызды деп есептеймін	7%

Сурет 5. Мектеп жағдайында психологиялық жұмыстарды ұйымдастыруда түрлі жаңашыл бастамаларды назарға алып. Түімді пайдаға асыруда мектеп ұжымының бірін-бірі қолдап, тығыз байланыста болуы қаншалықты маңызды?


«Кәсіби іс-әрекетіңізде жаңашылдықтарға кедерегі болып, қиындық алып келуі мүмкін факторларды (себептерді) белгілеп, оны 1-ден - 5-ке дейінгі көрсеткішпен бағалаңыз». Бірнеше қосымша сұрақтарды қамтыған бұл сауалға белсене араласқан зерттелушілердің 73%-ы «Инновациялық жұмысты іске асыруда педагогикалық ұжымның қажетті білім, білік тәжірибесінің болмауы» деген ұстанымға ұқсас жауапқа 5 бал қойған болса. 18%-ы 4 деген балды ұсынған. Қалған 9%-ы 3%-ы белгілеген. «Техникалық, ғылыми, ғылыми-әдістемелік, әдістемелік қолдаудың жеткіліксіздігі» деп ұсынылған жауапқа 69% пайыз қатысушы 5 бал, 26% қатысушы 4 бал, 5%-ы 3 бал қоямен шектеледі (Сурет 6).



	жабдықтардың жеткіліксіздігі	4	26%
		5	69%

Сурет 6. Өз қызметіңізбен байланысты іс-әрекетіңізді жаңашылдықпен ұйымдастыруда не оған қандай да бір инновацияларды ендіру де қиындық тудыруы мүмкін себеп-салдарларға (факторларды) 1 мен 5 бал арасындағы көрсеткішпен баға беріңіз

Ендірілгелі жатқан жаңашылдықтың нәтижелі іске асуына ұжым мен басшылық тарапынан болатын сенімсіздік деген жауапқа қатысушылардың 63 пайызы 5 деген балмен белгілесе 16 пайызы 4, қалған 11 пайызы 3, соңғы 10 пайызы 2 деген бал көрсетеді. Қандайда бір себеппен байланысты ұсынылған жаңашылдықтың ұжым тарапынан қолдау таппауы деген жауапқа 72 пайыз қатысушы 5-ті көрсетеді. 12 пайызы 4, 7 пайызы 3, 9 пайыз сауалға қатысушы 2 балын ұсынған. Ендірілгелі жатқан жаңашылдықтың ортақ мақсатты іске асыруда оңтайлы шешім болатындығына ұжымның сенбеуі деген жауап үшін ұжым мүшелерінің 68 пайызы 5, 18 пайызы 4, 14 пайызы 3 деген көрсеткішті ұсынған.



Сурет 7. Өз қызметіңізбен байланысты іс-әрекетіңізді жаңашылдықпен ұйымдастыруда не оған қандай да бір инновацияларды ендіру де қиындық тудыруы мүмкін себеп-салдарларға (факторларды) 1 мен 5 бал арасындағы көрсеткішпен баға беріңіз

Жалпы зерттеу жұмысының нәтижелері барысында ұсынылған диаграммалардан көріп отырғанымыздай. Үлкен жетілік (G7) елдеріндегі психологиялық қызметтің заманауи әдіс-тәсілдерін орта білім беру ұйымдарына ендіру барысында міндетті түрде әр-түрлі кедергілердің кез болып, қандай да бір оң шешімін табу қажет мәселерді туындататындығын байқау қиын емес. Анықталуы қажет мәселеге көзқарастырдың түрлі болуына қарамастан сауалнама барысы оларды сұрыптап, жинақтауға мүмкіндік берді.

ҚОРЫТЫНДЫ. Мектеп жағдайындағы психологиялық қызмет бір тұтас педагогикалық үрдіспен психологиялық жұмыстардың өзара тығыз қарым-қатынасының негізінде іске асады. Психологиялық жұмыс орта білім беру ұйымдарында оқушының жеке басын дамытуға негізделі отырып, оны нақты өмір жағдайында жүзеге асырады. Демек бұл психологиялық жұмыстарды ұйымдастыру үшін уақыт талабына жауап бере алатын инновациялық әдіс-тәсілдерді ендіру мен пайдаға асырудың маңызы үлкен. Алайда бұл жұмыстың барысы бір қатар туындайтын кедергілер мен қиындықтарсыз өтпейтіндігін зерттеу жұмысының соңғы нәтижелері дәлелдей отырып. Сұраптап, топтарға жинақтауға мүмкіндік берді.

1) Үлкен жетілік елдерінен тасмалданатын инновациялық әдіс-тәсілдерді ұжым алдында насихаттап, ендіру алдындағы жұмыс уақытында туындайтын мәселелер...

А) Ет үйренген, дәстүрлі дағдысын жөн санау, ендірілгелі жатқан инновациялардың болашақта жұмысты оңтайландыратындығына мән бермеуі;

Ә) Сенімсіздік көрсетіп, сынмен қарсы алуы;

Б) Ынты мен ықыластың шынай болмауы, төмендігі мен әрекетсіздігі;

В) Талап етілетін жаңа білім, білік дағдыларды үйренуге құлықсыздық, өзінің қабілетіне сенімсіздік;

2) Басшылық тарапынан туындайтын бюрократиялық мәселелер;

А) Дәстүрлі ұсынылған бір ізді жоспармен іске асырылатын жұмыстарды жөн санап, Үлкен жетілік елдеріндегі психологиялық қызметтің технологиялық мүмкіндіктерімен байланысты жаңа идеяларға дұрыс баға бермеуі;

Ә) Ұжым арасында талқылаулардың ұзаққа созылуы. Ұсыныстың оң шешімін таппай ұзақ тұрып қалуы. Қосымша көптеген сұрақтардың туындауы;

Б) Көптігі, ұсақ – түйек түзетулердің жиілігі, жұмыстың жоспарының уақытылы бекітуден кешеуілдеуі;

3) Үлкен жетілік (G7) елдеріндегі психологиялық қызметтің заманауи әдіс-тәсілдерін орта білім беру ұйымдарына ендіру жұмыстарын ұйымдастырумен байланысты түрлі бағыттағы ресурстардың жеткіліксіздігі.

А) Дерек көздермен, ақпараттың жеткіліксіздігі;

Ә) Материалдық – техникалық қамсыздандырылуының төмен болуы;

Б) Ғылыми – әдістемелік әдебиеттердің санының аз болып. Қамту жұмыстарының жеткіліксіздігі;

В) Шешімі табылмаған технологиялық қиындықтар;

Г) Мамандармен қамтамасыз етудің жеткіліксіздігі. Олардың кәсіби даярлығының төмен болуы;

Туындайтын мәселелердің қатарында ұжым тарапынан болсын не басшылық тарапын болсын. Не болмаса ресурстардың жеткіліксіздігімен байланысты дейміз бе, қай-қайсысы болмасын Үлкен жетілік (G7) елдеріндегі психологиялық қызметтің заманауи әдіс-тәсілдерін орта білім беру ұйымдарына ендіру жұмыстары барысының басталмай тұрып бәсеңсуіне, не болмаса мүлдем тоқтап қалуына алып келеді. Әрине, мұнда мектеп ұжымының күнделікті, үйренген дағдылы тіршілігінен бас тартып, жаңашылдықты қуана қабылдауға дайын екендігіне сендік десек дұрыс болмас. Бұл жағдай жаңашыл топтың тарапынан. Аса жоғары белсенділікті, бірлесе әрекет етуге, өзіне белгілі емес жағдайда өзін жоғалтпай жұмысты ұйымдастыра алуды, өзін кәсіби тұрғыда даярлықта ұстауды, тәуекелшілдік пен жылдам әрі дұрыс шешім қабылдап, белсенді әрекет етуді талап етеді. Сонымен қатар, үлкен жетіліктің құрамына енетін мемлекеттерінің жалпы білім беру саласындағы психологиялық жұмыстарды ұйымдастыру ісінде қолданыс тауып жүрген инновациялық технологиялар мен әдіс-тәсілдерді ендіру жұмыстарының жоспары мен бағдарламасын әзірлеп, іске асырылу технологиясын кәсіпқой мамандармен ақылдасып, талдау және зерделеу жұмыстарын өткізіп, шегендеп алған дұрыс. толық даярланған бағдарлама педагогикалық кеңесте бекітіледі. Іске асыруға даярлықты негізгі талап ретінде алға қою қажет. Жұмыс барысында техникалық қамсыздандырылу мәселесін де назардан тыс қалдырмаған жөн. Қорыта келе айтарымыз, біз Үлкен жетілік (G7) елдеріндегі психологиялық қызметтің заманауи әдіс-тәсілдерін орта білім беру ұйымдарына ендіру жұмыстарын, жаңашыл идеяларды дұрыс жоспарлап, өнімді іске асыра білу арқылы, орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің қарқынды дамуына негіз болып, білім мен тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруда оң нәтижеге қолжеткізуге мол мүмкіндік аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жыл 27 шілдедегі № 319 Заңы. [Электронды ресурс]. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319> (қаралған күні 25.09.2022)

2) Хайруллин И.Т. Сравнительная педагогика: Краткий конспект лекций / И.Т. Хайруллин.: Каз.федер.ун-т. – Казань, 2013. 118 с. [Электронды ресурс]. – URL: https://dspace.kpfu.ru/xmlui/bitstream/handle/net/21439/20_221_A5kl-000498.pdf?sequence=1&isAllowed (дата просмотра 18.10.2023)

3 Wolhuter Charl. Jullien: *Founding Father of Comparative and International Education Still Pointing the Way*. Bulgarian Comparative Education Society, Paper presented at the Annual International Conference of the Bulgarian Comparative Education Society 14th. - Sofia, Bulgaria, Jun - P. 14-17, 2016 [Electronds resource]. – URL: <https://files.eric.ed.gov/fulltext/ED568118.pdf> (reviewed on 08.02.2024)

4. Anna W, Justyna W. *Global field, local approach – 20th century Polish education comparativists and their works // Pedagogical University of Krakow, Podchorążych 2, 30-084 Kraków, Poland* [Electronds resource]. – URL: <https://doi.org/10.1051/shsconf/20196601031> (reviewed on 12.02.2024)

5) Martin C. *Transforming Comparative Education / Fifty Years of Theory Building at Stanford.*: Stanford University Press, 2019. P 272. [Electronds resource]. – URL: <https://www.degruyter.com/document/doi/10.1515/9781503608825/html> (reviewed on 03.01.2024)

6 Ельбаева З.У. *Қазақстан және Оңтүстік Корея мемлекеттеріндегі мектептік саясаттың дамуы: салыстырмалы аспект* 6D010300 – Педагогика және психология Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация - Алматы, 2018. – 220 б

7 Kovacs, Helena. (2017). *Learning and Teaching in Innovation: why it is important for education in 21st century*. *Neveléstudomány*. 5. P. 45-60. [Electronds resource]. – URL: [10.21549/NTNY.18.2017.2.4](https://doi.org/10.21549/NTNY.18.2017.2.4) (reviewed on 05.03.2024)

8 Hasanova L. X. *As principais direções da aplicação de inovações pedagógicas nos tempos modernos e o papel dos professores nesta atividade*. *Educ. Form.*, [S. l.], v. 6, n. 3, p. e5347, 2021. [Electronds resource]. – URL: <https://revistas.uece.br/index.php/redufor/article/view/5347/4605> (reviewed on 20.02.2024)

9 Klein, Katherine & Sorra, Joann. *The Challenge of Implementation // The Academy of Management Review* – 1996. - №21. – P. 1055-1080. [Electronds resource]. – URL: https://www.researchgate.net/publication/233755540_The_Challenge_of_Implementation/citations (reviewed on 25.02.2024)

References:

1 «Bilim turaly» *Qazaqstan Respublikasynyñ 2007 jyl 27 şildedegi № 319 Zañy*. [Elektrondy resurs]. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319> (qaralğan küni 25.09.2022)

2 Hairullin İ.T. *Sravnitelnaia pedagogika: Kratki konspekt leksi / İ.T. Hairullin.: Kaz.feder.un-t. – Kazän, 2013. 118 s. [Elektrondy resurs]. – URL: https://dspace.kpfu.ru/xmlui/bitstream/handle/net/21439/20_221_A5kl-000498.pdf?sequence=1&isAllowed* (data prosmotra 18.10.2023)

3 Wolhuter Charl. Jullien: *Founding Father of Comparative and International Education Still Pointing the Way*. Bulgarian Comparative Education Society, Paper presented at the Annual International Conference of the Bulgarian Comparative Education Society 14th. - Sofia, Bulgaria, Jun - P. 14-17, 2016 [Electronds resource]. – URL: <https://files.eric.ed.gov/fulltext/ED568118.pdf> (reviewed on 08.02.2024)

4. Anna W, Justyna W. *Global field, local approach – 20th century Polish education comparativists and their works // Pedagogical University of Krakow, Podchorążych 2, 30-084 Kraków, Poland* [Electronds resource]. – URL: <https://doi.org/10.1051/shsconf/20196601031> (reviewed on 12.02.2024)

5) Martin C. *Transforming Comparative Education / Fifty Years of Theory Building at Stanford.*: Stanford University Press, 2019. P 272. [Electronds resource]. – URL: <https://www.degruyter.com/document/doi/10.1515/9781503608825/html> (reviewed on 03.01.2024)

6) Elbaeva Z.U. *Qazaqstan jäne Oñtüstik Koreia memleketterindegi mekteptik saiasattyñ damuy: salystyrmaly aspekt* 6D010300 – Pedagogika jäne psihologia Filosofia doktory (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған dissertasia - Almaty, 2018. – 220 б

7) Kovacs, Helena. (2017). *Learning and Teaching in Innovation: why it is important for education in 21st century*. *Neveléstudomány*. 5. P. 45-60. [Electronds resource]. – URL: [10.21549/NTNY.18.2017.2.4](https://doi.org/10.21549/NTNY.18.2017.2.4) (reviewed on 05.03.2024)

8) Hasanova L. X. *As principais direções da aplicação de inovações pedagógicas nos tempos modernos e o papel dos professores nesta atividade.* *Educ. Form.*, [S. l.], v. 6, n. 3, p. e5347, 2021. [Electronds resource]. – URL: <https://revistas.uece.br/index.php/redufor/article/view/5347/4605> (reviewed on 20.02.2024)

9) Klein, Katherine & Sorra, Joann. *The Challenge of Implementation // The Academy of Management Review* – 1996. - №21. – P. 1055-1080. [Electronds resource]. – URL: https://www.researchgate.net/publication/233755540_The_Challenge_of_Implementation/citations (reviewed on 25.02.2024)